

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 01 наурыз
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ


№ 30
город Балхаш

┌ Байқау өткізу туралы ─┐

Қоғамда өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қайырымдылық сезімін қалыптастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 жылғы 01.03-14.03 аралығында «Еркетай», «Гүлдер» ересек топ балалары мен ата-аналар арасында «Қайырымды істер» атты суреттер байқауы өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі бекітілсін.
3. Байқаудың қорытындысы 2022 жылғы 15 наурыз күні шығарылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдіскер Г.О.Спанбетоваға жүктелсін.

Директор



Г.Куатбекова

Бұйрықпен таныстым: *See* / Г.Спанбетова

**«ЕрТөстік» бөбекжайының «Еркетай», «Гүлдер» ересек топ балалары мен
ата-аналар арасында өтетін
«ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР»
атты суреттер байқауының ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже "Ер-Төстік" ересектер тобының ата-аналары мен балалары арасында өткізілетін сурет конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды "Ер Төстік" бөбекжайының шығармашылық тобы ұйымдастырады және өткізеді.

1.3. Байқаудың міндеттері:

- тәрбиеленушілердің назарын қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық проблемасына аудару;

- әлеуметтік белсенділікті арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

- тәрбиеленушілер мен ата-аналарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерделеуге бағытталған қоғамдық жұмыстарға ынталандыру.

2. Байқаудың қатысушылары:

2.1. Байқауға ересек топтың балалары мен ата-аналар қатыса алады

2.2. Байқаудың мазмұны

3.1. Байқау "Тақырыбына сай шығарма" номинациясында өткізіледі.

3.2. А4 (29,7x21 см.) кем емес және А3 (29,7 x 42 см.) аспайтын түрлі-түсті орындалған қағазда орындалған жұмыстар қабылданады. Орындау техникасы: қарындаштар, бояулар, гуашь. Сондай-ақ, жеке парақта суреттің тақырыбын, тегін, атын, туған жылын, автордың телефонын, сондай-ақ тегін көрсету керек. Ұжымдық немесе (конкурсқа қатысушы туралы ақпаратты қамтымайтын) жұмыстар байқауға жіберілмейді және қаралмайды.

Қатысушыдан қабылданатын жұмыстар саны-1-ден аспауы керек; жұмыстар қосымша ресімдеусіз және толық түрде қабылданады. Жұмыстар 2022 жылдың 10 наурызына дейін қабылданады.

3.4. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа сәйкестігі және оның өзектілігі;

- технологиялылық және дизайн деңгейі;

- байқау жұмысының көрерменге эмоциялық және тәрбиелік әсер ету дәрежесі;

- ойды, тұжырымдаманы, мәселені шешуге көзқарастың бірегейлігі;

- автордың азаматтық ұстанымы

Қазылар алқасы: Шығармашылық топ: Жекеева Н.Н.

Муталиева Р.С.

Шаймерденова Қ.М

3.5. Бағалау критерийлерінің әрбір тармағы бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қорытынды сома баллдарды жинақтаумен айқындалады.

4. Конкурс қорытындысын шығару:

4.1. Байқау қорытындысы 2022 жылдың 15 наурыз күні шығарылады.

4.2. Жеңімпаздар (1 орын) мен жүлдегерлердің (2, 3 орын) жұмыстары дипломдармен марапатталады.

Хатшы:



Аубакирова Д.К.

**«ЕрТөстік» бөбекжайының «Еркетай», «Гүлдер» ересек топ балалары мен
ата-аналар арасында өтетін
«ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР»
атты суреттер байқауының ХАТТАМАСЫ**

Күні: 15.03.2022ж.

Қазылар алқасы: Қуатбекова Г.А. – директор, Жекеева Н.Н.- қазақ тілі мұғалімі, Ахметова О.К.-тәрбиеші. Сайыстың ережелеріне, бағалауға қойылатын талаптарды ескере отырып, суреттер байқауының қорытындысын шығарды.

Әр критерий бес балдық жүйемен бағаланды.

Қортынды бағалауы төмендегідей болды.

Жандосқызы Асылым «Гүлдер» ересек тобы- I орын (Тәрбиешілер: Самиева М.Т. Әбжан Г.Е.)

Байжан Асылан «Гүлдер» ересек тобы- II орын (Тәрбиешілер: Самиева М.Т. Әбжан Г.Е.)

Абжанова Азалия «Еркетай» ересек тобы –III орын (Жұмабекова Д.К. Алтынбаева М.А.)


Осы суреттер байқауына белсене қатысқан барлық балалар қатысқанөы үшін дипломмен марапатталады.

Қазылар алқасы:

Қуатбекова Г.А.



Жекеева Н.Н.



Ахметова О.К.





Орындаған: Жаңдосовы
Асельке
Топ: №4 «Үлдер» ересек
тобы
Тақырыбы: «Менің иісім»



Орындаған: Абылай Аманжол
Топ: №1 «Балалар» тобы
Тақырыбы: «Қайырымды іс»



Орындаған: Мақандина Айниса
Топ: №2 «Алақан» тобы
Тақырыбы: «Қайырымды іс»



Орындаған: Айдос Мариям
Топ: №2 «Алақан» тобы
Тақырыбы: «Қайырымды іс»